

ОӘЖ 336.1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫ ДАМУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

Айтуған Назым Мейрамбекқызы

nazym.aitugan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының
2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Е.К. Молдакенова

Қазіргі кезде елімізде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру, дамыту әлі күнге дейінгі өте өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі елімізде аумақтық ерекшеліктері бойынша орталықтанған басқару жүйесі тиімсіз, оның үстіне ақпараттар мен мәселелерді бір жүйеге жинап, қорытынды жасап, шешім қабылдау уақыт аларлық процесс. Ал қазіргі даму үрдісі өте үлкен жылдамдықпен жүріп жатқан әлемде әрбір минут алтындай қадірлі болып табылады. Сол себепті аймақтық деңгейдегі мәселелерді жергілікті деңгейде шешу тиімді шешім. Қазіргі таңда Қазақстанда жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың негіздері қаланып, бір жүйеге келтірілген. Алайда бұл жүйеге енгізер түзетулер мен жаңа бағыттар өте көп. Бұл мақалада қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың өзекті мәселелері қарастырылады. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жүйесін жақындастыру принципіне негізделген.

Заманауи әлемде мемлекеттің әл-ауқаты жалпы ұлт әлеуетін және жекелей алғанда азаматтардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланумен айқындалады. Сондықтан көптеген дамыған елдер жергілікті өзін-өзі басқару үлгісін жетілдіруге ұмтылады.

Сонымен бірге жергілікті өзін-өзі басқаруды халық тікелей және жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырады. Конституцияда көрсетілгендей, Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару негізінде жергілікті халықтың өздері шешім қабылдауы көзделген.

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қазіргі дамуының үрдістерін шет мемлекеттердегі жергілікті басқару бойынша реформаларымен байланыстырып, жаңа дамыту бағыттарын қарастыру керек. Дегенмен, Қазақстан үшін әрбір шет елдік тәжірибе қолданылмайды. Мемлекеттік аппараттың ерекшеліктері мен мемлекеттердің конституциялық құрылысы ерекшеліктеріне байланысты Германияның, Ұлыбританияның, Италияның муниципалитеттерінің жүйесі қазақстандық мемлекеттіліктің үлгісі шеңберінде тиімді жұмыс істей алмайды. Бұл жерде Қазақстан үшін ең лайықты және тиісті мысалдар - Франция мен Ресей мемлекеттері болып табылады. Себебі Қазақстан мен Франция мемлекеттің құрылымы мен конституциялық ерекшеліктері тұрғысынан ортақ. Франция да егеменді унитарлық демократиялық республика болып табылады. Ал Ресейге келер болсақ, Қазақстан Ресей Федерациясымен тарихи дамуды және дамудың ортақ бағыттарын біріктіреді, сондай-ақ, осы төңіректегі мәселелер кешені екі ел үшін ортақ болып табылады.

Егер Францияның тәжірибесін қарастыратын болсақ, онда 1958 жылғы Конституцияға сәйкес аумақтық ұйымның негізі - коммуналар. Коммуналарда 36 мыңға жуық адам бар, ол муниципалдық кеңес пен бір мезгілде атқарушы орган болып табылатын мэр арқылы басқарылады. Бұл әкімшілік атқарушы және заң шығарушы биліктің өкілі болып табылатын Қазақстандағы әкімдік басқаруға сәйкес келеді. Францияда бір ерекшелігі ондағы жергілікті аймақтардың басшысының құзіреті кең болып табылады. Соның арқасында ол жергілікті деңгейдегі көптеген мәселелерді шеше алады. Біздің елге Франциядан алар үлгі болып, жергілікті жердегі әкімдердің құзіретін кеңейту әрі оның барлық құзіретін заң арқылы негіздеу табылады.[1]

Шет ел тәжірибелерін қарай отырып, жергілікті басқару жүйесін дамыту мемлекеттік басқару ісін жеңілдетіп, көптеген мәселелердің кезек күттірмей шешілуіне жол ашады. Ірге тасы қаланған жергілікті мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай дамыту үшін ең алдымен әрбір жергілікті органдарда қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілердің функциялары мен міндеттерін нақтылайтын бірыңғай заң жобасын қабылдау керек. Қазіргі таңдағы 2001 жылы 23 қаңтардағы N 148 Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыретін, қызметінің ұйымдастырылуын, тәртібін, сондай-ақ мәслихаттар депутаттарының құқықтық жағдайын белгілейді.[2] Жаңа Заң жобасын қабылдаған сәтте онда басты назар жергілікті биліктің орталық биліктен жекешеленуін, өз алдына болуын қадағалау керек, Содан кейін жергілікті басқаруды орталық жүйеден тәуелсіз ету үшін қаржылық тәуелділіктен айыру керек. Ол үшін жергілікті бюджет жүйесінің пайдалану бағыты мен кіріс көздерін қайта қарастыру керек. Қазіргі таңда, жергілікті бюджет — мемлекеттегі әкімшілік-аумақтық бөліктердің өз әлеуметтік-экономикалық бағдарламасын қаржыландыруға арналған ақшалай қорлары. Жергілікті бюджет жыл сайын оған жергілікті салықтан түсетін түсімдер, одан төленетін шығындар, мемлекеттік бюджеттен берілетін субсидия, т.б. ескеріле отырып жасалады. Жергілікті бюджетті жергілікті маслихаттар бекітеді.[3]

Ендігі кезде, жергілікті бюджеттің кірістерінің көздерінің қатарына тек қана жергілікті салықтан түсеін түсімдерді ғана емес, сол аймақта қызметтерін атқарып жатқан барлық кәсіпкерлік субъектілерден алатын корпоративтік табыс салықтарын (мемлекеттік бюджет түсімі болатын, енді тек белгілі бір бөлігі ғана республикалық бюджетке түсетіндей ету), жеке табыс салықтары және басқа да салықтар мен алымдар және түсімдерді және басқа да мемлекеттік сатулардан түсімдерді қосу керек. Яғни, орталықсызданған бюджет жүйесін құру, әрбір аймақта өз бюджеттері болып және ол бюджеттен барлық шығындар алынып, тек қана белгілі бөліктері республикалық бюджетке ұлттық қауіпсіздік секілді мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешуге арналған қаражаттар жинақталатын болады. Бұл жүйеге көшу орталықтан келетін қаражатты күту уақытын қысқартуға және аймақтардың дамуына алып келеді. Мемлекеттік бюджет аймақ аралық теңсіздікті реттеп отырып, түсімі аз аймақтарға мемлекеттік субсидиялар берумен айналысады және мемлекет деңгейінде бөлінетін қаражаттарды реттеп отырады.

Келесі көңіл аударар, жаңадан енгізер дүние- жергілікті деңгейдегі басқару институтының жаңа түрін енгізу:

Біріншіден, жергілікті басқару жүйесіндегі билікті реттеп отыратын реттеуші және қадағалаушы орган құру. Ол органның басты функцияларының бірі- жергілікті бюджетке келіп түсетін түсімдерді реттеп отыру және орталыққа есеп беру. Қайта бөлу функциясы да оның басты қызметтері болып табылады, яғни түсімі аз аймақтарға түсімі жоғары аймақтардың қаражаттын қайта бөлу әрі субсидиялау.

Екіншіден, институт- қазақ қоғамында бұрыннан бар жамияттардың маслихаттарын жергілікті деңгейдегі мәселелерді талқылау үшін қайта бағыттап құру. Онда ел ішіндегі беделді ақсақалдар мен көшбасшылары ел арасындағы мәселелерді ортаға салып, талқылап, жергілікті мемлекеттік органдарға бағдарламалар мен ұсыныстар жібереді. Олардың заңдық негізде міндеттері мен функциялары қазіргі масихаттар секілді бекітіледі. Тек қана жұртшылық маслихатының(құрылтайының)хатшысы мен басшысына ғана еңбекақы төленеді.

Сонымен қорытындылай келе, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқару туралы түзетулер енгізілген Заң жобасын қабылдау; жергілікті органдарда қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілердің функциялары мен міндеттерін нақтылау және арнасын кеңейту; жергілікті

бюджетті орталықтан тәуелсіз етіп құру; жергілікті деңгейдегі жаңа институттарды құру және т.б.секілді жұмыстарды атқару керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Франция мен Ресейдің қалалары мен өңірлері арасындағы ынтымақтастық веб-сайты. [Электронды ресурс]. - Қолжетімді режимі: ги.

2.Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралыҚазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы.[Электронды ресурс]-Қолжетімді режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>

3.Қазақ энциклопедиясы,3 том. [Электронды ресурс]. - Қолжетімді режимі:https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B5%D1%80%D0%B3%D1%96%D0%B%D1%96%D0%BA%D1%82%D1%96_%D0%B1%D1%8E%D0%B4%D0%B6%D0%B5%D1%82